ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМІ

АКИМ
ГОРОДА КЫЗЫЛОРДЫ
КЫЗЫЛОРДИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ | **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

«20» маусым 2018 ж./г. | № 815

Қызылорда қаласы | город Кызылорда

Т Кулмаганбетовты қызметінен
босату туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Заңының 61-бабының 1-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес:

1. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Кулмаганбетов Талғат Бекмурзаевич 2018 жылдың 20 маусымынан бастап басқа қызметке ауысуына байланысты атқарып отырған қызметінен босатылсын.

2. Бөлім басшысының міндетін атқару Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қазынашылық департаментінен өтетін электрондық цифрлық қолтаңбалы барлық банктік құжаттарына бірінші қол қою құқығы сектор меңгерушісі Айкупешев Мурат Маликаждаровичке жүктелсін.

3. М. Айкупешевке алыс-беріс актісі негізінде құжаттарды қабылдап алу тапсырылсын.

4. Лауазымдарды қоса атқарғаны үшін және уақытша болмаған қызметкердің міндеттерін орындағаны үшін М. Айкупешевке қосымша ақы ұсынылсын.

5. Қызылорда қаласы әкімдігінің «Қызылорда қаласының коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жетекші маманы А. Барғанаева М. Айкупешевке лауазымдарды қоса атқарғаны үшін қолданыстағы заң талаптарына сәйкес тиісті есептемелерін жүргізсін.

Негізі: Т. Кулмаганбетовтың өтініші.

ҚАЛА ӘКІМІ **Н. НӘЛІБАЕВ**

0001104